



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№61
(2232)
Сәрсенбі
17 шілде
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНІҢ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет пен аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш Әйтеке би кенті әкімшілігі ғимаратына арнайы барып, қызметкерлерге кенттің жаңа әкімін таныстырды.

14-ші шілде күні ҚР Сайлау туралы Конституциялық заңына сәйкес өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті әкімінің сайлауы өткен болатын. Заң талаптарына сай ұйымдастырылған саяси науқанда тұрғындар өздері қалаған кандидаттарына дауыс беріп, таңдауларын жасады.

Қорытындысында «Amanat» партиясынан ұсынылған кандидат Әбиев Әліби Берікұлы сайлаушылардың 15482 дауысын жинап, Әйтеке би кентінің әкімі болып сайланды.

Әйтеке би кенті әкімшілік ғимаратында өткен жиында аудан басшысы Әліби Берікұлына

ауданның жүрегі саналатын кенттің әрі қарайғы жұмысына асқан жауапкершілікпен қарау қажеттігін ескертіп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ Ғазиз Әлмәмбетұлы жаңадан сайланған әкімге халық көңілінен шығып, жүйелі жұмыстарды жандандырады деген сенімін білдірді.

Басқосуда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов сөз алып, кент әкіміне тілекші екенін жеткізіп, аудан ардагерлері атынан батасын берді.

Жиында аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Аманбай жаңадан сайланған әкімге куәлігін табыстады.

Айта кетейік, Әліби Әбиев бұған дейін Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Жылсайын елімізде 9 шілде - Су шаруашылығы қызметкерлі күні мерекесі ретінде аталып өтіледі. Сонымен қатар, биылдан бастап 10 шілде - Ветеринария саласы қызметкерлерінің күні болып бекітілді.

Қазалыда қос бірдей мерекеге орай сала мамандары құрметке бөленіп, марапат төрінен көрінді.

Әйтеке би кенттік мәдениет үйінде өткен мерекелік шарада аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сала мамандарын мерекелерімен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

– Өздеріңізге белгілі, бұл екі салада ауыл шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік-экономикалық, медициналық тұрғыдан да маңыздылығы жоғары. Тыныс-тіршілігіміз үшін маңызды салаларды нығайтуда Сіздер білікті де білімді, іскер де қабілетті маман ретінде өзгелерге үлгі-өнеге болып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер.

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін, - деді аудан басшысы.

Мұнан соң мерекеге орай бірқатар азаматтар марапат төрінен көрінді. Атап айтар болсақ, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің, ҚР Су ресурстары және Ирригация министрлігінің құрмет грамотасымен, облыс әкімі орынбасарының және аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Салтанатты шарада аудан өнерпаздары әсем әннен шашу шашып, жиылғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА СЕНБІЛІК ӨТТІ



Қазалыда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Тазалық жұмыстарына мекемелер мен кәсіпорындары қызметкерлері, аудан тұрғындары, ерікті жастар белсене қатысты.

Сенбілік жұмыстарында орталық көшелер мен саябақтар, арықтар тазаланып, егілген көшет талдары мен гүлзарлар суғарылды. Одан бөлек арнайы орындар мен мекемелердің

қоршаулары сырланып, көше бойындағы арамшөптер оталып, қоқыс қалдықтары тазартылды.

Аудан орталығында өткен сенбілік жұмыстарын аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аралап көрді.

Сенбілік жұмыстарына аудан орталығынан бөлек ауылдық округтердің тұрғындары да қатысып, белсенділік танытты.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы аудандық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 3 шілдедегі «Майдакөл және Сарбұлақ ауылдық округтері әкімінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-64/474 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданы, Майдакөл және Сарбұлақ ауылдық округтері бойынша сайлау учаскесінің орналасқан мекен-жайы мен шекарасы туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мем. тіркеу №120000 - 120008 - 7495
2020 жылғы 28 мамыр

2020 жылғы 27 мамыр

№97

Сайлау учаскелерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

- Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.
- Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
- Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

М. Ергешбаев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазалы аудандық сайлау комиссиясымен
27.03.2020 жыл

Қазалы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 27 мамыры
№ 97 шешіміне
1-қосымша

Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері

№	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
	№84 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Үрмәш Түктібаев атындағы №24 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, Майдакөл ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы, Ереш Тілеубаев көшесі №21.	Майдакөл ауылдық округінің Бекарыстан би ауылы және Досқали учаскесі.
	№88 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№78 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, Сарбұлақ ауылдық округі, Сарбұлақ ауылы, Сарбұлақ көшесі №66-А.	Сарбұлақ ауылдық округінің Сарбұлақ ауылы.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления Казалинской районной избирательной комиссии от 3 июля 2024 года №АСК-64/474 «О назначении выбора акимов сельского округа Майдакол и Сарбулак» дается следующее сведение об адресе расположения и границе избирательного участка.

Гос. регистр №120000-120008-7495

28 мая 2020 года

№97

от 27 мая 2020 года

Об образовании избирательных участков

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах Республики Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» аким Казалинского района РЕШИЛ:

- Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.
- Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.
- Контроль за исполнением настоящего решения возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.
- Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Казалинского района

М. Ергешбаев

«СОГЛАСОВАНО»

Казалинской районной избирательной комиссии
27.03.2020 год

Приложение 1 к решению
акимата Казалинского района от 27 мая 2020 года №97

Избирательные участки по Казалинскому району

№	Номер и адрес избирательного участка	Границы
	Избирательный участок №84 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 24 имени Урмаша Туктибаева» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Майдаколь, село Бекарыстан би, улица Ереш Тилеубаева №21.	Село Бекарыстан би и участок Досқали сельского округа Майдаколь.
	Избирательный участок №88 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 78» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Сарбулак, село Сарбулак, улица Сарбулак №66-А.	Село Сарбулак сельского округа Сарбулак.

СІЗ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ҚЫЛМЫС ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

ҚР Конституциясының 17-бабына сәйкес: «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» делінген. Алайда, шындық бұдан әлдеқайда алыста жатыр.

Қазіргі таңда тұрмыстық зорлық-зомбылық белең алған әлеуметтік мәселе болып табылады. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 4-бабына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылық

тек қана күш көрсетуден емес, сексуалдық, экономикалық және психологиялық түрлерден тұрады. Отбасының кейбір мүшелері тұрақты түрде қорлау, ұрып соғу, балағаттаудың құрбаны болып отырады. Тұрмыстық зорлықтың құрбаны үнемі күйеуінен таяқ жейтін әйел; туыс ер азаматтардан жыныстық қысым көретін қыз; анасы ұратын бала; өз балалары бас тартқан қарттар болуы мүмкін.

Қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы үндеместік жағдай орын алған. Көрші үйде орын алып жатқан зорлық-зомбылыққа ол отбасының ері

мен әйелінің ішкі мәселесі деп көз жұма қараймыз. Мәселен, әйелі күйеуінің ұрып-соққанын өзгеге айтуды ұят санайды, себебі оған өзін кінәлі сезінеді; анасы туған ұлынан қорлық көреді, алайда, өзін кінәлі сезінеді, себебі дұрыс тәрбие бере алмады.

Ешкім ешқандай жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуы тиіс емес, себебі тұрмыстық зорлық-зомбылық ол – қылмыс. Оған төзіп отырудың қажеті жоқ, егер зорлық-зомбылық көшеде орын алып жатса 102 нөміріне қоңырау шалыңыз; көрші үйде орын алса тексеріңіз; егер зорлық-

зомбылық болуы мүмкін деп ойласаңыз, бұл да хабарлауды қажет етеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қатысушыларымен профилактикалық әңгімелесу жүргізіліп, жәбір көрсетуші өз іс-әрекетінің қылмысқа апаратынын сезінетін болады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алды деп санасаңыз бұл туралы 102 нөміріне қоңырау шалып хабарлаңыз, сіз орын алуы мүмкін қылмыстың алдын алған болып саналасыз!

Қазалы ауданының
қоғамдық даму
бөлімі

МЕНИҢ ҚҰРДАСТАРЫМ

Қайран жастық шақ. Жастық дәуреннің қызығы мен қуанышы күні кешегідей көз алдымызда. Мектеп есігін ашқан сәттегі ұстазымыздың алдында сабағымызды айта алмай мүдірген бейкүнә сәттеріміз естен шығарма. Оқушылық өміріміз қызыққа толы болды десек қателеспесбіз. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының аяғында мектептен түлеп ұшып, үлкен өмірге қанат қақтық. Біріміз оқуға талап қылып үлкен қалаларға сапарлап аттансақ, қалғандарымыз шаруашылық жұмыстарына араластық. Біз ойлағандай жұмыс істеу оңай болған жоқ. Бел ауырып, қар талдырар жұмыстың қиындығына көндігуге, ығытын табуға біраз уақытты жоғалтуға тура келді. Әрі намысқа тырысып, жаман атақ алудан қорғаншақтап, еңбекте ширыға түстік. Балтабай, Аралбай, Якия, Ерғазы, Жеткерген сынды достарымыз әп дегеннен темір тұлпарды тізгіндеуге берік байлап жасады.

Жылдар өтіп жатты. Бізде еңбекпен есейдік. Жұмысымызға шеберлендік, төселдік. Ауылдың гүлденуіне шама-шарқымызша үлес қостық. Жоғары, орта дәрежелі оқу орындарын бітірген құрдастарымыздың бірсыпырасы туған жерге қайта оралды. Олар ауылда, аудан көлемінде қызметтерге орналасты. Соның бірі-майдангердің ұлы Әнес Дидаров. Жоғары білімді инженер-механик еңбек жолын Қазалы қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеде аға шебер болып бастады. Жалындаған жас жігіт ізденіс, талпыныстарымен алға ұмтылды. Қызметі де алға өрледі. Партияның XXII съезі атындағы совхоздың бас инженер-механик қызметіне шақырылып, шаруашылықтың қайнаған қазанында пісіп жетілді. Ұйымдастырушылық қабілетімен, қарамағындағыларға талап қойғыштығымен көзге түсті. Ұзамай аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметіне шақырылды. «Селхозхимия» мекемесіне басшы қызметіне жоғарылатылды. Туған аулы «Арандыда» шаруашылық басшысы қызметін атқарып, өзі өскен ортаның өсіп өркендеуіне үлесін қоса білді. Алайда негізінен ұзақ жылдар Абай атындағы колхоздың басқарма төрағасы қызметін атқарып, ауылдың үлкен-кішісімен бірдей сыйласып, осы мекеннің төл перзентіне айналды. Оны айтасың Абай атындағы колхоз тарағаннан кейін «Сарыкөл» ауылдық округінің әкімі қызметіне тағайындалып, зейнеткерлікке шыққанша қызмет атқарды. Осы уақытқа дейін қатарластарының арасында ат үстінен түспеген

жалғыз кластасымыз еді. Ел алдында абыройлы болды. Нақтырағы кластас достың осы ауылда отбасы өркендеп, өрледі. Перзенттері дүниеге келді. Зайыбы Гүлжан екеуі алтын асықтай 1 ұл мен 2 қызды тәрбиелеп өсірді. Бәріде жоғары білімді, мамандығына орай қызметте. Ұлы Абай мемлекеттік қызметкер.

Айтулы азамат Әнес Дидаровтың елі үшін өткен еңбегі лайықты бағаға ие. Ол Қазалы ауданының құрметті азаматы. «Қызылорда облысының құрметті ардагері» төс белгісінің иегері. Жоғары органдардан алған марапаттары бір төбе.

Тағы бір құрдасымыздың есімін ерекше атап өткім келеді. Ол 14 жыл «Аранды» ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып, ауылдың өсіп өркендеуіне сүбелі үлес қосқан азамат Толықбол Аманов. Ол іскер еді. Қазалы ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп келген соң шаруашылықтың фермасында мал дәрігері болып еңбек жолын бастады. Сол кездің өзінде ол тапсырылған жұмысты тиянақты орындауымен көзге түсті. Пісенттілігі тағы бар. Жұмысқа жауаптылығы өз алдына. Міндеттелген жұмысты дөңгелентіп алып кетуінің нәтижесінде біршама жылдардан соң ірі –қара фермасының басқарушысы қызметіне жоғарылатылды. Кейін басшылықтың міндеттеуімен егіс бригадасына жетекшілік етті. Егістен мол өнімге қол жеткізді.

Аяулы досымыз елі үшін әліде аянбай еңбек етіп, биік белестерді бағындыра берерме еді, төтеннен келген сырқат оның арманының жүзеге асуына мүмкіндік бермеді.

Қазір Толықболдың өзі болмаса да зайыбы Алтын бала-шағаларымен немерелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Кей-кейде отағасы Толықболдың жоқтығы көңілге қаяу салатыны болмаса Алланың бергеніне шүкіршілік етуден бір тынбайды.

Парталас дос Қазыбек Аймағамбетов өте сыпайы, парасатты, әділ, ешкімге қиянаты жоқ, жақын-жуықтары мен достарына сыйлы, абыройлы азамат еді. Талай рет бірге жүрдік, қайсыбір орталарда бірге болдық. Бірақ Қазекең қандай қызмет атқарып жүрседе оғаш қылығын, ретсіз қимылын, астамшылығын бір көрмеппін. Қай ортада болса да табиғатынан бойына дарыған бекзаттық болмысынан, тектілік мінезінен бір айныған емес. Ол үлкен болсын, кіші болсын, қарапайым адам болсын ешкімді алаламайтын. Сұрақтарға жауабы сыпайы әрі қысқа болатын. Кеудемсоқтық оның табиғатына жат құбылыс. Тым-тым биязы еді-ау, Қазекең. Қазыбек құрдас аудандық

комсомол комитетінде, аудандық партия комитетінде қызмет атқарды. Абай аулындағы орта мектепті 15 жыл басқарды. Алайда өкініштісі қызметте мол тәжірибе жинақтап, бабы келіскен шақта көсіле елге қызмет атқаруға денсаулығы мүмкіндік бермеді. Соңғы жылдары аурудың азабын молынан тартты. Үйге келген кездері түнімен әңгімелесетінбіз. Сонда әрдайым денсаулығына алаңдайтынын жасырмайтын. Өтегүлді де (зайыбы) менің денсаулығым шаршатып жүр ғой дейтін қынжылып.

Қазір Қазекеңнің өзі жоқ болса да зайыбы Өтегүл, ұлы Абаймен келіні, немерелері Астана қаласына қоныс тепкен. Ұлы Абайәкеуімінақтап, Қазыбектің көзі тірісінде армандаған биігіне көтерілді. Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет атқарады. Еліміздегі талантты жас жазушылардың қатарында. Баспадан кітаптары жарық көрген. Мақтан етеріміз Абай Аймағамбетовтың хикаят, романдары республикалық көркем шығармалар байқауында бірнеше рет жеңімпаз, жүлдегерлер бағамын иеленді.

Біздің арамызда қандай қызмет атқарса да апшысы құрылмай еркін жүретін бір азамат болды. Ол бала күнгі кластасымыз Базаралы Бөріқұлақов. Республикаға белгілі термеші, соғыс және еңбек ардагері Әмітжан Бөріқұлақовтың ортаншы ұлы. Базекеңнің іскер, қиындықтан жол таба білетін азамат екенін мынадан байқауға болады. Ол ұзақ жылдар «Рза» акционерлік қоғамында қызмет атқарды. Алғашқы жылдары қоғамның Қарақұм өңірін жайлаған малшы фермасына жетекшілік етті. Кейінгі жылдары акционерлік қоғамның шеберханасын басқарды. Үлкен ұжымдағы алуан түрлі техникалардың тоқтаусыз жүріп тұруына тікелей жауапты болды. Қиын, жауапкершілігі жоғары міндетті орындауда Базаралы құрдасымыз нағыз қайсарлық көрсетті. Жұмысты ұйымдастыруды ұтырлы жүргізді. Бағыныштыларымен сыйласа, келісе, көңіл ауанын таба жұмыс атқарды. Жұмыс нәтижесі оның басшылар алдындағы уәдесін орындауына қол жеткізді. Әйтпесе, республикаға есімі белгілі айтулы басшы, шебер ұйымдастырушы, даңқты өндіріс ұйытқысы Самұрат Имандов ағамыздың командасының қатарынан орын алу екінің біріне бұйырмасы анық.

Классымыздағы бойжеткендеріміздің бірсыпырасы сабақ оқуға ынталы болды. Ақмарал Мәменова, Роза Рзағазиева, Шәмшат Ербозова, Назымкүл Жұмабаева сабақты жақсы бағаларға

үлгірді, ұстаздарымыз да олардан үміт күтті. Айқандай-ақ, Ақмарал Қызылорда қаласындағы медициналық училищені бітіріп келіп, ауылдық ауруханада мейіркеш болып қызмет атқарды. Кейін отбасылық жағдайына байланысты «Жетес би» жанұялық емханасына аға мейіркеш болып ауысты. Білімді құрдасымыз қызметінде абырой иеленді. Жұбайы есімі ауданымызға белгілі азамат Тілеужан Жолдыбаев екеуі алтын асықтай алты қыз тәрбиелеп өсірді. Бәрі де жоғары білімді мұғалім, дәрігер, мейіркеш, инженер мамандығын меңгерген. Өттен, Ақмаралымыз сырқаттың құрығына ілініп, одан құтыла алмады.

Роза, Шәмшат, ұзақ жылдар шәкірттерге білім мен тәрбие беру ісімен айналысып, бүгінде зейнет демалысында. Балаларымен немерелерінің қызығына кенеліп отыр.

Бізбен бірге ағайынды Қалмырза, Қарлығаш Нұртазаевтар оқыды. Қалекең ақжарқын азамат. Телефонмен хабарлассаң амандық-саулықты, өзге қатарластарымыздың жәйін сұрап бәйек болады. Қалмырзаның Қазалы аграрлық техникалық колледжде мал дәрігерлерін даярлаудағы еңбегі бір төбе. Ал, Қарлығаш шаруашылықтың мол өнімші диқаны атанып, абыройын асқақтатқан еді. Көп балалы ана атанды. Өттен, ажал құрығына ертерек ілікті. Бүгінде отағасы Ерболат ауылдың ақсақалы.

Айта берсек, құрдастарымның елге сіңірген еңбегі аз емес. Атақты механизатор, соғыс жылдары есімі тарихтан берік орын алған Елкей Қобылановтың жалғыз ұлы Нұртуған құрбымыз механизаторлық мамандықты қалады. Әзи Базарбаев оқушыларға математикадан сабақ берді. Үздік ұстаз болды. Бүгінде зайыбы Мәлике балалары мен немерелеріне ақылшы болып отыр. Қанжар Құдайбергенов прораб қызметінен, Жеткерген Бозғұланов механизаторлықтан, Садық Өтебадиев электрик қызметінен зейнетке шығып, ұрпақтарының ортасында бақытқа кенеліп отыр. Қартайса да қайраты қайтпаған бір замандасымыз Жеткербай Мәдірейімов майталман байырғы токарь әлі еңбек сапында. «Агро-Өркен» ЖШС –нің егін егуде, орағында техникалардың үздіксіз жұмыс істеуінде еңбек ардагерінің үлесі мол. Жарқынбай Сердалиев электр жүйелері саласында қызмет атқарып, ұжымының мақтанына айналды. Өттен, өмірден ерте озды. Кластарымыз Аралбай мен Гүлнәр бас қосып, қазір үйлі-баранды. Қызылорда қаласында тұрады.

МЕНИҢ ҚҰРДАСТАРЫМ

Қазір «Аранды» аулында екі құрдасымыз тұрады. Ауылдан көшпеген осы екеуі ғана. Көрші Қожабақы аулына көшіндер деген ұсынысқа да көнбеген-ді. Туған жерден жырақтағысы жоқ. Соның бірі – Балтабай Өтжанов. Бригадирдің ұлы техникаға әуестігін мектепте оқып жүргенде аңғартқан-ды. Ол кезде күз айында мектеп оқушылары егін жинау науқанына көмек беретін-ді. Біз күріш атызының жиегіндегі жатқа ормай кеткен күріш сабақтарын қол орақпен орып жүргенімізде Балтабай Рутел Ақжігіт ағасына көмекші болып, техникаға икемдігін танытқан. Кейін механизаторлық мамандықты меңгерді.

Ал, бала күнгі досым Өмірзақ Жәдиев жөніндегі әңгіме басқашалау өрбиді. Мен досымнан үлкен үміт күттім. Ол сабаққа зеректі. Әсіресе, математика пәніне. Өте еңбекқор болатын. Қара жұмыстан да ешбір тартынбайтын, қажып мұқалмайтын. Қай жұмысқа да икемдітін. Өзінің қазіргі баспанасын өзі қолымен кірпіштен өріп, салған. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін қарекет. Ол педагогтық жоғары білім алсада ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті. Мамандығына орай қызмет атқармағаны бізге де жұмбақ. Оның жар таңдауына өзіміз куә болдық. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында ауылдағы орталау мектепке мұғалім болып үш жас маман келді. Өмірзақ осылардың біреуіне құрық салды. Қандай сиқырының барын кім білсін, қайтіп жүрегін жаулағанын өзі біледі, қара торының сұлуы Қалампыр есімді бойжеткенді көп ұзамай Жәдиевтер отбасына келін етіп түсірді.

Бұл күндері Қалампырмен Өмірзақтың балалары Астана қаласындағы құрылыс компаниясында лауазымды қызметтер атқарады. Демек, Өмірзақ жетпеген асуларды балалары бағындырып жатса, қуаныш емес пе? Бұл ата-ана тәрбиесінің жемісі.

Біз жоғарыда өткен ғасырдың 60-шы жылдарының аяғында №25 орта мектепті бітірген түлектердің бірсыпырасының қол жеткен жетістіктері мен өздерінің азаматтық парыздарын өтеуде атқарған жұмыстарынан өзгелер хабардар болсын деген ниетпен аз-кем әңгімеледік. Мектепті 46 түлек бітірсек, солардың барлығы да мамандықтары бойынша қарым-қабілеттерінің жеткенінше абыройлы болу үшін еңбек етті. Жаман атаққа қалған бірі жоқ, жаңылыс қадам баспай бүгінде ардагер деген құрметке ие. Отбасының ұйтқысы, балаларының әкесі, немерелерінің сүйікті ата-әжесі. Әулеттің ақылшы, қамқоршысы, жақсы істерінің тілекшісі.

Осы мектеп түлектерінің бірі мен

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы

адамды адамкершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау подполковнигі

ҚЫЗЫМ САҒАН АЙТАМ, КЕЛІНІМ СЕН ТЫҢДА

Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам баласы ең алғаш дүниеге шыр етіп келген сәтінен бастап, осында ер жетіп отбасының тәрбиесін алады. Сондықтанда отбасы болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және рухани байлықты сіңіретін тәрбие ошағы.

Біз ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген халықпыз. «Ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле» деген осы бір нақыл сөзде қаншама мағына жатыр десеңізші. Қыз бала қонақ деп төрінен орын беріп, қыздарын алтынның сынығына балап өсірген халықпыз.

Ата - бабаларымыз, «Қызға қырық үйден тию, қала берсе қара күңнен тию» деген мақалға қаншама ой сыйғызған. Осы сөздің өзінде қыз бала тәрбиесіне тек ата - ана ғана емес бүкіл ауыл, халық жауапты деп түсінген. Қазақ халқының әдет-ғұрпын салт-дәстүрін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға болашақта ана, ақ босағаның-отанасы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындырған.

Ұлттық салт дәстүрімізді білу, оның астарын түсініп, атадан-балаға мирас ету қазіргі таңда әсіресе қазақ қыздары үшін өте керек тәрбие.

Ұлы атамыз Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова апайымыз: Қыз баласының мына өмірдегі міндет парызының жүгі ауыр, әрі ардақты. Ол адамзат ұрпағын өмірге әкелетін

болашақ ана үй ұстап, жар күтетін адал жар, ата - ене сыйлап, иілетін қамқор келін. Ол оны қаласын, қаламасын бұл өмір заңы,-деген жақсы сөзі бар.

Қыз – бүгін әке-шешесінің қонағы болса, ертең бір шаңырақтың ошағының сәні. Қазір енді жаңа заман. Жаңа көзқарас. Жаңа талап. Бірақ қазіргі кезде қоғамда кейбір келеңсіз жағдайларды естіп жататынымыз жасырын емес. Отбасындағы ұрыс-жанжал, тірі жетім бала, басы бос әйел, ашуын сабырға алмастыра алмаған болмаса отбасынан ащы суды жоғары қойған еркек, өлімнен ұят күшті деп баласын тастап кеткен бейбақтар, қыз баланы төркінінің тілекшісіне балаған әп-әдемі қыздарымыздың шетел асып, басқа ұлттың етегінен ұстап кетуі, ата-анадан қалған мұрасына таласқан бауырлар, тілдері шұбарланған болашақ ұрпағымыздың тәрбиешілері аналар міне осының бәрін қоғамнан көреміз, одан қала берді таяқтың бір – ұшы әйелдер қауымына тиеді.

Қай ата-ана баласын жаман болсын дейді, қыз баласын жат жұртқа ұзатқанда тастай батып, судай сіңсін деп тілейді. Бауыр еті баласының жыламай жүргенін қалайды! Менің ойым отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырамай тұрмайды, кешірім, сабыр, төзімділік отбасын сақтап қалама деп ойлаймын.

Бір әулеттің бірлігі, ынтымағы, бақытты өмір сүруі ұрпағының әдемі өсуі тек қыздың барған жерінде

енесімен тіл табысуында. Ене мен келін тату болса, алынбайтын қамал болмайтын шығар. Айналып келгенде барлығы әйелге байланысты. Қазақ көреген халық, келінге айтар ақылын, қояр талабын көңіліне тимейін деп «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деп тұспалдап жеткізіп, даналықтың ғажап үлгісін көрсеткен.

Бүгінгі келін, ертеңгі ене. Сондықтан қазақы болмыстан әрі аттамай, татулығы жарасқан берекелі де бақытты отбасылар көбейе берсін деген тілекпен тәлімі мен тәрбиесі мол мына әңгімені тілге тиек етсем: бірде Бөлтірік шешен қызын ұзатып жатып қызына батасын бергесін:

- Қызым біздің жақтан өзіңе не алып бара жатырсың? Ол жақтан төркіндеп келгенде бізге не әкелесің? - деп сұрапты.

Сонда қызы:
- Әке, өз жұртымнан ол елге алған тәлім – тәрбиемді алып бара жатырмын. Ол жақтан келгенде сол тәрбиенің алғысын әкелемін деген екен. Қандай даналық сөз.

Қыздарымыздың санасы мен жүрегіне байлық жинайық!

Қазақ айтады, қызың жақсы болса – бір бақыт, ұлың жақсы болса мың бақыт, келінің жақсы болса шын бақыт деп. Алла бақыттарымыздан айырмасын, аман болайық!

Ұлжан ҚАРЫМСақова,
«Сарбұлақ»
ауылдың әйелдер
кеңесінің төрайымы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.